

Г. Байжұма<sup>1\*</sup>, О.Д. Табылдиева<sup>2</sup>, А.М. Садыкова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан;  
<sup>2</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау, Қазақстан;  
<sup>3</sup>Еуразия технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: [gulnar555@mail.ru](mailto:gulnar555@mail.ru); [oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz](mailto:oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz); [ar.sadykova@etu.edu.kz](mailto:ar.sadykova@etu.edu.kz))

## Моңғолиядағы қазақ диаспорасы мәселесінің тарихнамасы

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы — бұл бұрыннан ғылыми айналымға енген ұғымдардың бірі. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу және даму үдерістерін жеке тарихи және әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеудің қажеттілігі қазақ халқының тарихын зерттеумен тығыз байланысты. Осыған байланысты мақалада қазақ халқының Моңғолияға қоныс аударуы және қазақ диаспорасының қалыптасуы мәселелерінің зерттелу деңгейі қарастырылған. Мақала қазақ диаспорасы мәселесінің тарихнамалық тұрғыдан қарастыруға арналған, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің негізгі ғылыми жұмыстарына сипаттама беріліп, оларға талдау жасалған. Авторлар тақырыпқа қатысты негізгі ғылыми жұмыстарды қарастыра отырып, тақырыптың ең көп зерттелген аспектілерін анықтайды: олар Моңғолиядағы қазақ диаспорасының пайда болу және қалыптасу тарихы және қазіргі кезеңдегі моңғол қоғамындағы қазақтардың орналасу ерекшеліктері. Тарихнамаға жүргізілген талдау Қазақстанның Моңғолияға қатысты сыртқы саясатын жүзеге асырудағы жұмсақ күштің маңызды факторы ретінде қазақ диаспорасы туралы өте өзекті мәселе аз зерттелген мәселе болып қала беретінін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Мақалада талдау жасалған жұмыстардың бірқатары соңғы он жылдықта жарық көрген, мұның өзі қарастырылып отырған мәселенің қазіргі кезеңде де өзекті екенін әрі толық зерттелмегендігін дәлелдейді. Сонымен қатар Моңғолия территориясында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының тарихын және даму заңдылықтарын терең әрі жан-жақты зерттеу үшін ғылым саласындағы Қазақстан-Моңғолстан қатынастарын нығайту және жалғастырудың қажеттілігі анықталған.

*Кілт сөздер:* қазақ диаспорасы, тарихнама, шетелдік тарихнама, қазақстандық тарихнама, тарих, Моңғолия, Қазақстан, этникалық бірегейлік, көші-қон.

### *Kipicne*

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен тарихи дамуы Еуразия кеңістігіндегі этникалық көші-қон үдерістерімен, империялық және ұлттық мемлекеттер шекараларының өзгеруімен, сондай-ақ саяси-әлеуметтік трансформациялармен тығыз байланысты. Бұл қауымдастықтың тарихы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың Алтай аймағына қоныс аударуымен басталып, кейінгі кезеңдерде Моңғолия мемлекетінің этносаяси құрылымында өзіндік орны бар диаспора ретінде қалыптасты. Осыған байланысты Моңғолиядағы қазақтардың тарихы тек ұлттық тарих шеңберінде ғана емес, халықаралық және трансшекаралық контексте қарастыруды талап етеді. Қазіргі уақытта Моңғолиядағы қазақ диаспорасының зерттелу деңгейіне талдау жасаудың маңызы бар. Шетелдік және отандық зерттеушілер Моңғолиядағы қазақ диаспорасын әртүрлі теориялық-әдіснамалық ұстанымдардың негізінде қарастырады. Көптеген ғылыми зерттеулерде қазақтардың көші-қон себептері, этникалық бірегейлігі, дәстүрлі шаруашылығы, әлеуметтік бейімделуі, мәдени трансформациясы және Моңғолия қоғамымен өзара ықпалдасуы кеңінен талданады. Сондықтан да Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихнамасына талдау жасау ғылыми тұрғыдан өзекті әрі қажетті мәселе. Себебі біріншіден, Моңғолия қазақтарының тарихына қатысты еңбектер әртүрлі мемлекеттердің ғылыми дәстүрі аясында жазылды. Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде идеологиялық шектеулер басым болып, этникалық көші-қон, ұлттық болмыс, діни және мәдени ерекшеліктер мәселелері біржақты немесе үстірт сипатта қарастырылды. Ал тәуелсіздік жылдарындағы еңбектерде ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған жаңа көзқарастар қалыптаса бастады, екіншіден, Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихын зерттеген еңбектердің тақырыптық ауқымы мен ғылыми деңгейі әрқелкі. Кейбір зерттеулер көші-қон тарихына басымдық берсе, енді бірқатары әлеуметтік-экономикалық даму, этномәдени дәстүрлер, тіл мен білім мәселелерін қамтиды. Алайда бұл еңбектердің өзара сабақтастығы мен ғылыми эволюциясы арнайы

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [gulnar555@mail.ru](mailto:gulnar555@mail.ru)

жүйеленбеген. Сондықтан тарихнамалық зерттеу арқылы негізгі ғылыми бағыттар, басым мәселелер мен зерттелмей қалған тұстарды анықтау маңызды. Осылайша Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихнамасын зерттеу — осы этникалық қауымдастықтың тарихи дамуын ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдауға, бұрынғы зерттеулердің жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауға және болашақ зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми міндет.

#### *Материалдар мен әдістер*

Мақала тарихнамалық тұрғыдан жазылғандықтан, мақаланың деректік материалдарын шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектері құрады. Мақаланың «Нәтижелері» бөлімінде бірқатар шетелдік және қазақстандық авторлардың еңбектеріне талдау жасалып, ал «Талқылау» бөлімінде қарастырылған еңбектердің ерекшеліктері берілді, зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары талқыланды.

Тақырыпты зерттеу барысында тарих ғылымында қалыптасқан жалпы ғылыми және арнайы әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нысанын жан-жақты, жүйелі әрі объективті түрде талдауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, тарихи-генетикалық әдіс шетелдік және отандық тарихнаманың қалыптасу және даму эволюциясын айқындау үшін қолданылды. Аталған әдіс арқылы Моңғолиядағы қазақ диаспорасына арналған зерттеулердің пайда болу алғышарттары, олардың уақыт өте келе тақырыптық және теориялық тұрғыдан өзгеруі кезең-кезеңімен қарастырылды. Осымен бірге қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеу жұмыстарын, авторлардың көзқарастарын өзара салыстыруда тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Моңғолиядағы қазақ диаспорасына қатысты зерттеу жұмыстарының мазмұнын, құрылымын, деректік базасын және ғылыми жаңалығын бағалау барысында тарихнамалық талдау әдісі пайдаланылды. Жүйелік-құрылымдық әдіс арқылы тарихнаманың тақырыптық бағыттары (көші-қон, этникалық бірегейлік, мәдениет, саясат, демография) топтастырылды және олардың өзара байланысы айқындалды.

#### *Нәтижелері*

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы мен этномәдени дамуын зерттеуде шетелде өмір сүріп, ғылыми қызмет атқарған қазақ авторларының еңбектері айрықша тарихнамалық мәнге ие. Осындай авторлардың қатарындағы Асқанбайұлы Сарайдың «Баян-Өлгий аймақтық қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері» аталатын зерттеу жұмысының маңызы зор [1]. Бұл зерттеу жұмысы «Баян-Өлгий аймағы қазақтарының сыртқы Моңғолияға келу тарихының кейбір мәселелері», «Қазақтардың әкімшілік системасы», «Қазақтар арасындағы сауда» деп аталатын үш тарауды қамтыған. Автор XVIII ғ. II жартысында Орта жүздің керейлері Қазақстаннан қоныс аударып отырып, бұрынғы Жоңғар хандығының жерін екінші рет иеленгендігін атап көрсетіп, «XVIII ғасырдың II жартысынан бастап қазақтың Орта жүзінің керей тайпасы қазіргі Қазақстан жерінен көшіп, Қытайдың батысына қоныс аударды. Бұлар Қытайдың қазіргі Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар болатын. 1758 ж. Жоңғария хандығы жойылды, Шыңжаң қазақтары XVIII ғ. 70 жылдарынан бастап қайтадан сол жерге қоныс аударып, мекендеп қалды» [1; 5] деп атап көрсетеді.

Осымен қатар Сарай Асқанбайұлының 1991 ж. басылып шыққан «Революциядан бұрынғы қазақ халқы» [2] аталатын екінші бір зерттеу жұмысында автор Қазақстан, Қытай және Моңғолия қазақтарының тарихы өзара тығыз байланысты деген тұжырым шығарады. Атап өту қажет, Сарай Асқанбайұлы Моңғолия қазақтарының Қазақстан Республикасына оралуына қарсы болған. Ол осы мәселе туралы бірнеше рет Моңғолияның Бұқаралық ақпарат құралдарында өзіндік пікірлерін білдірген. Атап айтқанда, оның 1994 ж. 25 наурызда «Ардын эрх» газетінде жарияланған мақаласында «Көші-қонның салдарынан Өлгийдің экономикасы қатты құлдырады. Сондықтан 1994 жылы кететіндерін бірақ жіберіп, қалған елді дұрыс орнықтырып, қалпына келтіру керек. Менің балашағам Ұланбатырда, бәрі жұмыста жүр. Менің ешбір елге босқын болып кеткім келмейді. Өз отанымның болашағына нық сенемін. Мынандай берекесіз көштің аяғына қарапайым адамдар, жас балалар басылуда» [3; 70] деген пікірін білдірген. Осымен бірге мақала авторы Моңғолия қазақтарының жағдайын, олардың басқа елдердегі жағдаймен салыстыра отырып, Қытай қазақтары бастан кешірген қиыншылықтарға қарағанда, моңғол қазақтарының еркіндік жағдайында тұрғанын және дамығанын көрсетеді.

Шетелдегі этникалық қазақтардың зерттеу жұмыстарының арасында 1990 ж. Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары, ал 1991-1992 жылдары Моңғолияның Ұлы халық Хуралы

(парламенті) төрағасының орынбасары қызметін атқарған Зардыхан Қиянатұлының еңбектерінің маңызы жоғары. Ол шетелдегі әлем қазақтарының ішінде осындай жоғары мемлекеттік мәртебені иеленген бірінші қазақ болды. Көптеген қандастардың пікірінше Зардыхан Қиянатұлы қазақтардың Атамекеніне оралуы туралы Қазақстан Президентінің саясатын ашық қолдады және өзі үлгі көрсетті. Зардыхан Қиянатұлының «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар» аталатын еңбегінде моңғол даласындағы ежелгі тарихты, түркі тайпалары: наймандарды, керейлерді, уақтарды Орта жүздің құрамына кіретіндігін анықтаған [4; 49].

Профессор, зерттеуші-ғалым Зардыхан Қиянатұлының 1995 ж. шыққан «Жылаған жылдар шежіресі» [5], 2001 жылы жарық көрген «Моңғолиядағы қазақтар» [6] еңбектерінде Моңғолиядағы қазақтардың қилы тағдыры мен тарихы, этнос ретінде өздерін сақтап қалуы, қоныстану ерекшеліктері мен олардың шаруашылығы жайлы жазылды. Моңғолия қазақтарының әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүрі мен мәдениеті, тұрмысы, көші-қоны мәселесіне қатысты мәліметтер, келтіреді. Қазақ диаспорасының өткені мен болашағына байланысты зерттеу жұмысы әкімшіл-әміршіл жүйенің қазақ диаспорасына тигізген зардабы мен бұрмаланған тарихына қатысты бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Келесі бір зерттеуші Биқұмар Қамалашұлы өзінің «Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлері» [7] атты этнографиялық еңбегінде диаспора тыныс-тіршілігіндегі тарихи-географиялық құрылымға талдау жасайды. Хұрметхан Мухамадиұлының тарихи-этнографиялық сипатта жазылған «Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы» [8] атты зерттеуінде қазақ диаспорасының жасампаздық әлеуеті анықталған, атап айтқанда бұрынғы Моңғолия азаматтарының әртүрлі салалар бойынша қазақ, моңғол, орыс, ағылшын, неміс тілдерінде қорғаған 54 ғылым докторлары мен кандидаттарының тізімін көрсетеді [9; 308-312]. Осымен бірге, автор өз еңбегінде Баян-Өлгий аймағының құрылуы кезеңдерінде 22 788 қазақ ұлт өкілдері немесе жалпы аймақ тұрғындарының 78% тұратыны туралы мәлімет берілген. 1963 ж. халық санағы бойынша Моңғолия қазақтарының саны 47,7 мың адамды немесе жалпы ел тұрғындарының 4,7% құрағандығын атап көрсетеді. Хұрметхан Мухамадиұлының пікірінше 1989-2013 жылдар аралығында тарихи-демографиялық аспектіде сапалы өзгерістер орын алған. 2012 ж. Моңғолияның 21 аймағында, 3 қаласында, 140 сұмынында 101 526 қазақ (3,86%) тұрған [10; 271-281].

Моңғол мемлекетінің 800 жылдығына және Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап шығарылған Үзбен Құрманбайұлы және Шынай Рахметтің «Моңғолиядағы қазақ халқы» [11] еңбегі жарық көрді. Бұл зерттеу жұмысында қазақ қауымының қалыптастырылу тарихы, Орта жүздің б рулық одағының төрт рулық одақтары бойынша — керей, найман, уақ, арғын, сол сияқты қожа, төре және қазақтармен ассимиляцияға ұшыраған өзбектер, ұйғырлар туралы нақты мәліметтер берілген. Автордың көрсетуінше XX ғ. 80-ші жылдары 40 мыңға жуық қазақ Баян-Өлгий аймағынан тыс тұрған [11; 49]. Сонымен бірге, авторлардың пікірінше жаппай жұмыссыздық, өндірістің болмауының салдарынан Моңғолияның басқа аймақтарына көші-қонның орын алуы қазақ тілінің, салт-дәстүрдің, ислам дінінің сақталуына кері әсерін тигізген және қазақтарды үйренген Баян-Өлгий аймағынан алыстату келер ұрпақтың тағдырына балта шапқанмен бірдей болған [11; 79-80]. Авторлар 2000 ж. Моңғолияға қайта оралған қазақтарға Моңғол Үкіметінің көмегін және Қазақстанға оралудың салдарларын атап көрсетеді және тұрғындардың 90%-на жуығын қазақтар құрайтын Баян-Өлгий аймағында тұтқалы лауазымды орындар қазақтарға тимейтіндігін байқаған [11; 79]. Дүниежүзі қазақтары Құрылтайының төртеуіне делегат болып қатысқан Үзбен Құрманбайұлының Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығына арналған арналған «Мәңгілік Ел» естелігі кітабында 80 мыңға жуық қазақтардың Қазақстанға орнығып алған кезде, Моңғолиядан көшіріп алу шарасының барысын зерттеген, Қазақстан мен Моңғолия арасындағы, соның ішінде қазақ диаспорасымен байланыс барынша толық нақтыланып жазылған [12; 292].

Шетелдегі этникалық қазақтардың арасында Рахмет Сұрағанның «Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912-1949 жылдар)» атты зерттеу жұмысының маңызы жоғары. Автордың пікірінше, 1911 ж. Синьхай төңкерісі Моңғолия және Қытай қазақтарының саяси өміріне орасан зор ықпал етті, Шыңжаңдағы ұлт-азаттық қозғалысына Қытай үкіметінің саясаты негіз болды, алайда отарлық саяси күреске қарсы қазақ көшбасшыларының әрекеті ұтымсыз болды, нәтижесінде көптеген қазақ тұрғындарының өздері орныққан жерлерін тастап кетулеріне тура келді [13; 27].

Көші-қон мәселесін зерттеген шетелдік ғалымдардың бірі Марта Брилл Олкот өз зерттеуінде Қазақстанға шетелдегі қазақтардың қайтып оралуы туралы «Үкімет елдегі этникалық тепе-теңдікті

өзгерту әрекетін, қазақтарды көбіне солтүстік облыстарда шоғырландыру міндетін қоя отырып, жасырын қолдайды. Алайда мұндай әрекеттер, мысалы, Моңғолия мен Қытайдан қазақтардың оралуы үлкен шығынға алып келеді, әрі қажет 5 емес шиеленісті тудырады» [14; 104] деп атап көрсетеді. Оның пікірі бойынша «қазақтардың көші-қоны демографиялық өзгерістердің орын алуына алып келуінен гөрі, ұлтаралық қатынаста үлкен дәрежедегі тітіркендіргіш болып табылады» [14; 205].

Сонымен бірге Моңғолия қазақтары әлемдік диаспорология тұрғысынан зерттелуде. Атап айтқанда С. Вернер және Х. Баркус өз зерттеуінде қазақтардың Моңғолиядан қоныс аударуын көші-қонның трансұлттық түрі ретінде қарастырады. Олардың пікірі бойынша, Моңғолия қазақтары көші-қон үдерісіне сындарлы қарайды. Бұны олар атамекенге шақыру ретінде қабылдамайды. Дегенмен бұл себеп атажұртымен қауышу ретінде бар болса да, экономикалық мүмкіншілікті құрайтын алғышарт ретінде қарастырады. Олар үшін бастысы, әсіресе жастар үшін өмірде өз орнын табу. Өйткені Моңғолияда мал шаруашылығын дамыту мүмкіндігі тарылып келеді. С. Вернер және Х. Баркус атап кеткендей, аға ұрпақ Моңғолияда үйреніскен ескі тіршілікпен, дәстүрлі мал бағумен айналысып өмір сүргенді қалайды. Ал жастар білім алу мен қазақстандық қоғамға кірігу мақсатында көші-қонды қолдайды. Сондай-ақ авторлар Моңғолия қазақтарының аға буын өсіп-өнген жерге, ата-бабаларының сүйегі жатқан туған жерге кіндіктері байланған және оларды Қазақстанға қоныс аударған отандастары, туған-туыстарының басына түскен қиындықтар қорқытады [15].

Шетелдік зерттеуші А. Динердің мақаласы қазақ диаспорасының теориялық және әдіснамалық мәселесіне арналған [16]. Автор Орталық Азияның бұрынғы кеңестік республикалары, қазірде тәуелсіз мемлекеттер өңірлік егемендігін және әлеуметтік-саяси өміршендігін қамтамасыз етуге ұмтылатындығын атап көрсетеді. Оның пікірі бойынша мемлекеттің қалыптасуының алғашқы жылдарында көпшілік алдында және қазақ тілді газет беттерінде жаңа тәуелсіз Қазақстанда өздерінің этникалық отандастарымен бас қосу мақсатында қазақ диаспораларына ашық үндеулер жасалды. Бұл әсіресе, кез келген қазақ диаспоралары ішінде көші-қонға бейімделуге ең жақын келетін моңғол қазақтары үшін аса маңызды [16; 327]. А. Динер қоныс аударушылардың қазақстандық қоғамға кірігуінің тежелу себебін Қазақстан мен этникалық қазақтары бар мемлекеттер арасындағы қажетті екіжақты келісімнің болмауы себебімен түсіндіреді. Сондай-ақ ол көші-қон саласындағы мәселелерді шешу үшін тереңдетілген талдау және баламалық стратегия дайындауды, қандастардың қажеттілігін тиімді қанағаттандыратын институттардың жетіспеушілігін де атап көрсетеді [16; 333].

Келесі бір шетелдік зерттеуші Исик Кусджу Қазақстанның этникалық көші-қонындағы мемлекеттің саясаты туралы қоғамдық пікірлерге талдау жасап, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы қоғамдық пікірталастарға зерттеу жүргізеді. Ол этникалық көші-қон саясаты басталғаннан бергі уақыттағы қазақ және орыс тілді жарияланымдарда қандастарға қатысты мәселелер қозғалып келе жатқындығын атап өтеді [17].

Потсдам және Мичиган университеттерінің докторанттары Хенрик Альфф пен Анна Генина өздерінің диссертациялық зерттеулерін шетелдегі этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасына оралуы тақырыбына арнап, Алматы облысына көшіп келгендерге зерттеу жүргізді. Аталған шетелдік авторлардың зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының көші-қон саясатына қатысты негізгі нормативтік-құқықтық актілерге, шетелдік және қазақстандық ғылыми әдебиеттерге сараптама жасалған. Осымен қоса авторлар «Барша қазақты Қазақстан жерінде бір тудың астына бірігуге» шақырған Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайының материалдарына талдау жүргізген. Жұмыстың ерекшелігі — авторлар ҚР Парламентінің депутаттары, 1992 ж. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған Қалдарбек Найманбаевпен, қандастардың оралмандардың қоғамдық бірлестіктерінің басшылары және белсенділерімен сұхбат жүргізген [18], [19].

Цюрих университетінің профессоры Петер Финке Моңғолиядан келген қазақ репатрианттарының мәдениеті мен дәстүрін зерттеуге назар бөледі. Ол өз зерттеуінде Моңғолиядан келген қазақтардың Қазақстанның қоғамдық ортасы мен мәдени өміріне бейімделуі туралы мәліметтер келтіреді [20]. Автордың мәліметтеріне сәйкес 1989 ж. Моңғолияда барлығы 130 000 қазақ өмір сүрген және бұл көрсеткіш жалпы халықтың 5 %-ын құраған және қазақтар өздерін қандайда бір экономикалық немесе саяси дискриминацияға ұшырадық деп санамаған, керісінше моңғолдарға қарағанда ауқатты өмір сүрген. Аймақтық деңгейде қазақ тілінде мектеп пәндері оқытылып, қазақша радио мен журналдар арқылы мәдени автономия болған. Питер Финке келесі бір зерттеу жұмысында Моңғолиядан қазақтардың Қазақстанға миграциясы Моңғолияға деген кері көзқарасқа емес, экономикалық мотивтерге байланысты болды деп көрсетеді. Автордың

мәліметтеріне сәйкес 1990 және 1994 жылдары Моңғолиядағы барлық отбасының 40 %-ы Қазақстанға кетіп, солтүстік аймақтарға қоныстанған, дегенмен, климаттың қолайсыздығы және орыс тілді тұрғындардың басым болуының арқасында пайда болған қиындықтарға байланысты қоныс аударған қазақтардың бір бөлігі Моңғолияға кері кеткен. Ал миграцияның екінші толқыны ХХІ ғ. басындағы Қазақстандағы экономикалық дамумен және өмір сүрудің қолайлы жағдайының қалыптасуымен тығыз байланысты болды [20].

Тағы басқа шетелдік зерттеуші А.Х. Тойчиев Баян-Өлгийдегі ұлттық қазақ аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселесін зерттеген. Автор Моңғолия қазақтары туралы мәліметтер моңғол, қазақ және орыс тілдерінде өте аз екендігін мойындайды [21; 4]. Бұл зерттеу жұмысы Моңғолия қазақтары өмірінің түбегейлі өзгергенін көрсетуде, этникалық қазақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жүйелі түрде баспадан шығару үшін жасалған алғашқы қадам болды. Автор қазақтардың негізгі мамандығы — мал шаруашылығы, бұл аймақтың өнім кірісінің 82% құрағандығын атап көрсетеді. Сонымен бірге өндіріс саласында қазақтар жеңіл, көмір, тамақ өнеркәсібінде, құрылыс материалдары өндірісінде, электрэнергетика және баспа салаларында қызмет атқаратынын анықтайды. А.Х. Тойчиевтің ұсынған мәліметтеріне сәйкес ауыл халқының 90% қоныс аудармай тұрғылықты өмір сүру үрдісіне көшкен және қалған малшылардың 10%-ын осылайша түпкілікгі қоныстануға тарту 1971-1975 жылдарға белгіленгендігін атап көрсетеді [21; 4].

Бізді соңғы жылдары басылып шыққан қазақстандық ғалымдардың да еңбектері үлкен қызығушылық танытады. Солардың қатарында С.Б. Омаш пен К.И. Кобландин өз зерттеуінде Моңғолиядағы 2020 жылғы Ұлттық халық санағының материалдары бұл елде тұратын қазақтардың санының артқанын көрсететінін атап өтеді. Бұл үрдіс ел көлемінде де, жеке алғанда Баян-Өлгий мен Ховд аймақтарында, сондай-ақ Ұланбатыр қаласында да байқалады. Алайда Моңғолияның жалпы этникалық құрылымында қазақ диаспорасының үлесі 3,8%-ға дейін төмендеген, бұл негізгі этникалық топ — халха-моңғолдар санының өсуімен түсіндіріледі. Авторлардың пікірінше, соңғы онжылдықта Моңғолиядағы қазақ қауымының барлық этнодемографиялық көрсеткіштері бойынша оң өзгерістер байқалып, алдағы 20–30 жылда олардың санының арта түсетіні болжануда. Аты аталған авторлар келесідей нақты тұжырымдар шығарған: Моңғолия қазақтары қазақ этносының ажырамас бөлігі; қазақтардың Моңғолия аумағына қоныс аударуы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы себептермен байланысты болды; моноэтникалық орта жағдайында өмір сүретін Моңғолия қазақтары өздерінің этномәдени бірегейлігін сақтап, этникалық өзіндік санасының жоғары деңгейімен ерекшеленеді; Моңғолиядағы қазақ қауымын этномәдени бірегейлік ұғымы оның қалыптасуы мен қызмет етуінде шешуші рөл атқаратын диаспора ретінде қарастыру орынды; Моңғолия қазақ диаспорасына моңғол қоғамына табысты бейімделу мен ықпалдасу тән; Батыс Моңғолия қазақтарынан айырмашылығы, Ұланбатыр қаласы мен оның маңайында шоғырланып орналасқан қазақтар арасында белгілі бір деңгейде этникалық болмыстың әлсіреуі, жас ұрпақтың ана тілінен алыстауы байқалады; күнделікті өмірде қазақтар мен моңғолдар, сондай-ақ Моңғолияда тұратын басқа да этникалық топтар арасында этникалық шиеленістің жоқтығы тән; соңғы онжылдықта Моңғолиядағы қазақ қауымының барлық этнодемографиялық көрсеткіштері бойынша оң өзгерістер байқалып, алдағы 20–30 жылда олардың санының өсуі болжанады [22].

Атап өту қажет, 2020 жылғы Ұлттық халық санағының деректеріне сәйкес, Моңғолияда 120 мыңнан астам қазақ тұрады, бұл елдің жалпы халқының 3,8%-ын құрайды. 2010 жылғы санақпен салыстырғанда, қазақ халқының саны шамамен 20 мың адамға артқан.

Қазақтардың ең көп бөлігі Баян-Өлгий аймағында шоғырланған — 93 980 адам, бұл аймақ халқының 91,0%-ын құрайды, Ұланбатырда 10 570 қазақ (0,7%) тұрады. Ховд аймағында — 9 837 адам (11,2%), Дархан-Уул аймағында — 2 612 адам (2,5%), Сэлэнгэ аймағында — 1 015 адам (1,0%), Төв аймағында — 930 адам (1,0%), Орхон аймағында — 673 адам (0,7%), Хэнтий аймағында — 539 адам (0,7%) бар. Увс және Дорноговь аймақтарының әрқайсысында қазақ қауымының 100-ден астам өкілі тұрады. Ал Моңғолияның төрт аймағында қазақтар мүлде жоқ, олар: Архангай, Баянхонгор, Өмнөговь, Хөвсгөл. Қалған аймақтарда қазақ этносының өкілдері өте аз мөлшерде кездеседі. Сонымен қатар, қазақтардың 42%-ы қалалық жерде, ал 58%-ы ауылдық жерде тұрады [23].

Келесі авторлар Ә.Б. Шалманова мен Р.А. Бекназаров өз зерттеуінде Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының шаруашылығын сипаттап және қазіргі замандағы өзгерістерге бейімделуін көрсеткен. Мақалада Моңғолияда қоныстанған қазақ диаспорасының негізгі шаруашылығы — жартылай көшпелі мал шаруашылығы және қосалқы диканшылық туралы баяндалады. Авторлардың пікірінше, қазіргі замандағы урбанизация, жаһандану үрдісіне қарамастан Моңғолиядағы

казактардың негізгі шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы. Бұған жергілікті табиғи-климаттық жағдай әсер етумен бірге, елдегі моңғол тілдес халықтың да ұқсас шаруашылықпен айналысуы және мемлекет тарапынан қолдау табуы, ел экономикасы дамуының басты бағыттарының бірі болуы әсер етеді. Бірақ жұттың салдарынан малынан айырылған казактардың материалдық жағдайы нашарлап, отырықшылыққа көшуі, ал жас буынның мал шаруашылығын жүргізуге құлшыныс танытпауы малшы отбасылардың азаюына әкелуде. Сонымен бірге қатал ауа-райына, жердің тасты болуына қарамастан жергілікті казактар қосалқы шаруашылық ретінде диқаншылықпен айналысады. Заманауи техникаларды қолдану дәстүрлі еңбек құралдарының қолданыссыз қалуына әсер еткенмен казак этникалық тобының жұмысын жеңілдетумен қатар, өнімділігін де арттыруда [24].

Келесі зерттеушілердің пікірінше (Б.Б. Токишкадилов, Б.А. Бақытжанова, К.Д. Садыков) Моңғолияға қоныстанған казактар өңірдің табиғи жағдайлары, жер-су ерекшеліктері мен ауа-райына икемделе отырып, өздерінің ата-бабалары сияқты өмір салтын сақтап қана қоймай, казак ұлтының ұлттық қасиеттерін де берік ұстанды. Осылайша, Моңғолиядағы казактар саны жағынан жергілікті моңғол халқынан кейінгі ең ірі этносқа айналды. Мұнда мекендеген казак рулары өзара қоғамдық және биологиялық ерекшеліктер негізінде казак этносының біртұтас қауымдастығын қалыптастырып, оны кейінгі ұрпақтарға табысты жалғастыра білді. Моңғолиядағы казактардың әл-ауқатына мал басының қарқынды өсуіне кедергі болатын жұт салдары, жыл сайын жайылымның азаюына қарамастан ауыл тұрғындары дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығын дамытуға ықпал етті [25].

#### *Талқылау*

КСРО-ның ыдырауына дейін Моңғолияда шығарылған еңбектер казак диаспорасы және қоныс аудару тарихының әлем тарихы мән-мәтінінде, халықаралық қатынастар барысында отандық зерттеушілердің қолы жетпейтін мұрағаттық құжаттар мен мерзімді басылымдарға танымалдылығы аз фактологиялық және ауқымды статистикалық материалға сілтеме жасалған. Сонымен бірге бұл жұмыс шетел казактарының өмірі жайлы білімдер жинақтау үдерісі туралы куәлендіреді, сонын ішінде кешегі кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі Қазақстан тарапынан көрсетілген белсенді қолдау, шетелдердегі ұлттық ғылыми-педагогикалық зиялылардың қалыптасуының жалпы бет-бейнесін толықтырады.

Моңғолиядағы казак диаспорасының тарихы мен этномәдени дамуын зерттеуде шетелде өмір сүріп, ғылыми қызмет атқарған казак авторларының еңбектері айрықша тарихнамалық мәнге ие. Бұл зерттеулер, біріншіден, диаспора тарихын ішкі этникалық көзқарас тұрғысынан зерделеуімен, екіншіден, деректік базасының ерекшелігімен және авторлардың зерттеу нысанына тікелей қатыстылығымен құнды. Зерттеушінің еңбектерінің басты маңыздылығы — Моңғолиядағы казактардың қалыптасу тарихын ішкі этникалық динамикамен, аймақтық және трансшекаралық процестермен өзара байланыста көрсетуінде.

Шетелдік ағылшын тілді тарихнаманы талдау авторлардың түрлі көзқарастарынан мәлімет береді. 1950-60-шы жылдары жазылған жұмыстар негізінен, қырғи-қабақ соғыс кезеңімен, қарама-қарсы екі саяси жүйеге байланысты саяси сипатта болып келеді. Олардың ой-өзегінің желісі демократияны ығыстыра отырып, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірді бірегейлендіруге бағытталған коммунистер саясатын айыптау. Шынжанды казак диаспорасының алтын бесігі және казактардың трансшекаралық көші-қонының басы екендігі жайлы ұғымның ақиқаттылығы зерттеушілерді біріктірді. XX ғ. 80-90-шы жылдарынан бастап және қазіргі уақытқа дейін жарияланымдарда казак диаспорасының елтанымдық және антропологиялық өмір салты кеңінен көрсетіледі. Мультимәдени ортадағы бейімделушілік, жұмылғыштық, шаруашылық түрінің өзгерісі, казактардың өз ұлттық келбетін сақтап келгендігі әлеуметтік үдерістің мәнін анықтайды. Қандастарымыз атажұртына орала бастаған кезден бастап, зерттеушілер Қазақстан Республикасының көші-қон саясатына көбірек назар аудара бастады.

Батыс тарихнамасында Моңғолиядағы казак диаспорасы мәселесі этникалық азшылықтар, көші-қон үдерістері, трансшекаралық қауымдастықтар және мәдени бірегейлік проблемалары аясында қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулер XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасып, қазіргі кезеңде пәнаралық сипатқа ие болды. Батыс зерттеушілері Моңғолиядағы казактарды ең алдымен диаспоралық қауымдастық ретінде сипаттап, олардың тарихи қалыптасуын Ресей империясы мен Қытайдағы саяси үдерістермен, сондай-ақ Моңғолияның ұлттық мемлекет ретінде

орнығу кезеңімен байланыстырады. Бұл еңбектерде қазақтардың Моңғолия аумағына қоныс аударуы көбіне еріксіз және жартылай ерікті миграция контексінде түсіндіріледі. Батыс тарихнамасының маңызды ерекшеліктерінің бірі — этнодемографиялық және әлеуметтік-антропологиялық әдістердің басымдығы. Зерттеулерде халық санағының деректері, далалық этнографиялық бақылаулар, ауызша тарих (oral history) материалдары кеңінен қолданылады. Осы тәсілдер арқылы қазақ диаспорасының әлеуметтік құрылымы, отбасылық қатынастары, дәстүрлі шаруашылық үлгілері мен мәдени трансформациясы талданады. Сонымен қатар батыс авторлары Моңғолиядағы қазақтардың этникалық және мәдени бірегейлігін сақтау механизмдеріне айрықша назар аударады. Тіл, дін (ислам), салт-дәстүр мен туыстық байланыстар диаспоралық тұтастықтың негізгі факторлары ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда Баян-Өлгий аймағы этникалық шоғырланудың классикалық үлгісі ретінде сипатталып, оның мәдени тұтастықты сақтаудағы рөлі атап өтіледі.

Батыс тарихнамасында Моңғолия қазақтарының интеграция және ассимиляция мәселелері салыстырмалы аспектіде зерттеледі. Қалалық ортадағы, әсіресе Ұланбатырдағы қазақтардың этникалық болмысының трансформациясы, тілдік ассимиляция үдерістері және жастар арасындағы мәдени өзгерістер арнайы зерттеу объектісіне айналған. Бұл зерттеулерде этникалық шиеленістің төмен деңгейде болуы Моңғолияның этносаяси моделінің ерекшелігі ретінде бағаланады. Тағы бір маңызды қыр — Моңғолия қазақтарының трансұлттық байланыстары. Батыс ғалымдары Қазақстанмен, Қытайдағы және Ресейдегі қазақтармен мәдени, экономикалық және миграциялық байланыстарды трансұлттық кеңістік шеңберінде қарастырады. Әсіресе 1990 жылдардан кейінгі Қазақстанға қоныс аудару үдерістері диаспоралық сәйкестіктің өзгеру факторы ретінде талданады.

2025 жылдары жарық көрген қазақстандық ғылыми еңбектерде Моңғолиядағы қазақ диаспорасы мәселесі отандық диаспоратану, этнодемография және тарихи антропология шеңберінде кешенді түрде қарастырылады. Бұл кезеңдегі зерттеулердің басты ерекшелігі — диаспора феноменін тек тарихи көші-қон нәтижесі ретінде емес, ұзақ мерзімді әлеуметтік-мәдени дамуы бар тұтас этникалық қауымдастық ретінде пайымдау үрдісінің күшеюімен байланысты. Соңғы кездері қазақстандық тарихнамада этнодемографиялық талдаулар айрықша орын алады. Зерттеушілер Моңғолиядағы қазақ халқының сандық динамикасын, аймақтық шоғырлану ерекшеліктерін және әлеуметтік құрылымын ресми халық санағы материалдары мен архив деректеріне сүйене отырып зерделейді. Бұл тұрғыда Баян-Өлгий аймағы қазақ диаспорасының этникалық тұтастығын сақтаған негізгі орталық ретінде сипатталады, ал Ұланбатыр мен ірі қалалық орталар этномәдени трансформация үдерістері күшейген кеңістік ретінде айқындалады. Отандық зерттеулердің тағы бір маңызды бағыты — этномәдени бірегейлік мәселесі. Қазақстандық ғалымдар Моңғолиядағы қазақтардың тілін, дәстүрлі мәдениетін, діни ұстанымдарын және этникалық өзіндік санасын диаспоралық болмыстың өзегі ретінде қарастырады. 2025 жылғы еңбектерде этномәдени бірегейліктің сақталуы этникалық оқшауланумен емес, моңғол қоғамымен өзара бейімделу және интеграция жағдайында жүзеге асатыны ғылыми тұрғыдан негізделеді.

#### *Қорытынды*

Моңғолиядағы қазақ диаспорасына арналған шетелдік және қазақстандық тарихнаманы салыстырмалы түрде талдау бұл мәселенің қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымда көпқырлы және пәнаралық бағытта зерттеліп отырғанын көрсетеді. Екі ғылыми дәстүрде де қазақ диаспорасы этникалық азшылық, трансшекаралық қауымдастық және тарихи қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде қарастырылады, алайда зерттеу басымдықтары мен әдіснамалық ұстанымдарында бірқатар айырмашылықтар байқалады.

Шетелдік тарихнамада Моңғолиядағы қазақтар негізінен диаспоралық қауымдастық және этносаралық қатынастар контексінде зерделенеді. Батыс зерттеушілері этникалық бірегейлік, мәдени трансформация, интеграция және ассимиляция үдерістеріне, сондай-ақ трансұлттық байланыстарға айрықша көңіл бөледі. Бұл еңбектерде әлеуметтік антропология, этнодемография және ауызша тарих әдістерінің кең қолданылуы диаспораның күнделікті өмірі мен әлеуметтік тәжірибесін терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар шетелдік зерттеулерде Моңғолияның этносаяси моделі мен этникалық шиеленістің төмен деңгейі қазақ диаспорасының тұрақты дамуының маңызды факторы ретінде бағаланады.

Қазақстандық тарихнамада Моңғолиядағы қазақ диаспорасы ұлттық тарихтың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның қалыптасуы мен дамуы тарихи-генетикалық тұрғыдан талданады. Отандық зерттеулерде көші-қонның себептері, қазақ қауымының аймақтық шоғырлануы,

этнодемографиялық динамикасы және этномәдени бірегейлікті сақтау мәселелері басым бағыттарға айналған. Қазақстандық ғалымдар архивтік деректерге, ресми статистикаға және тарихи құжаттарға сүйене отырып, диаспораның ұзақ мерзімді эволюциясын жүйелі түрде реконструкциялауға ұмтылады.

Екі тарихнамалық бағытты тоғыстыратын ортақ ұстаным — Моңғолиядағы қазақ диаспорасының жоғары деңгейдегі этникалық өзіндік санасы мен этномәдени тұрақтылығын мойындау. Сонымен қатар, қазіргі зерттеулерде урбанизация, жаһандану және жастар арасындағы тілдік трансформация сияқты үдерістер диаспоралық қауымның ішкі құрылымына әсер ететін маңызды факторлар ретінде бағаланады.

Жалпы алғанда, шетелдік және қазақстандық тарихнаманың өзара толықтырылуы Моңғолиядағы қазақ диаспорасын кешенді түсінуге мүмкіндік береді. Шетелдік зерттеулер диаспораның қазіргі әлеуметтік-мәдени болмысын және жаһандық контексте дамуын ашып көрсетсе, қазақстандық тарихнама оның тарихи тамырларын, этникалық тұтастығын және ұлттық тарихтағы орнын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Осы екі бағыттың синтезі Моңғолиядағы қазақ диаспорасын зерттеудің теориялық және әдіснамалық әлеуетін кеңейтіп, болашақ ғылыми ізденістер үшін берік негіз қалайды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Сарай А. Баян-Өлгий аймақтық қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері / А. Сарай; ред. С. Шанас. — Өлгий, 1968. — 66 б.
- 2 Сарай А. Революциядан бұрынғы қазақ халқы / А. Сарай. — Өлгий, 1991. — 115 б.
- 3 Балтабаева К.Н. Қазақ диаспорасы және атамекенге оралу (1991-2012) / К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж. Ермекбай, А. Баймағамбетова; Ұжымдық монографиялық еңбек. — Алматы: Елтаным, 2016. — 592 б.
- 4 Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар / З. Қинаятұлы. — Алматы: Санат, 1999. — 260 б.
- 5 Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі: тарихи көркем публицистика / З. Қинаятұлы. — Алматы: Мерей, 1995. — 296 б.
- 6 Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар / З. Қинаятұлы. — Алматы: Атажұрт, 2007. — 255 б.
- 7 Қамалашұлы Б. Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлері: этнологиялық зерттеулер / Б. Қамалашұлы. — Өлгий: Аймақ баспа өндірісі, 1995. — 342 б.
- 8 Қамалашұлы Б. Моңғолия қазақтарының дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ. соңғы жартысы — XX ғ.): тар. ғыл. д-ры ... дисс. / Б. Қамалашұлы. — Алматы, Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология ин-ты, 1997. — 430 б.
- 9 Мұхамәдиұлы Х. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы мен дамуы: тар. ғыл. д-ры ... дисс. / Х. Мұхамәдиұлы. — Алматы, Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология ин-ты, 2000. — 312 б.
- 10 Мұхамәдиұлы Х. Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы жайында / Х. Мұхамәдиұлы // Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихы және заманауи келбеті: Респ. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. — Алматы: «Атажұрт», 2013. — 48 б.
- 11 Құрманбайұлы У. Моңғолиядағы қазақ халқы / У. Құрманбайұлы, Ш. Рахметұлы. — Уланбатор: «АДМОН» баспаханасы, 2007. — 264 б.
- 12 Құрманбайұлы Ұ. Мәңгілік Ел: ой-толғаныстар / Ұ. Құрманбайұлы. — Астана: Профи-Медиа, 2013. — 303 б.
- 13 Рахмет С. Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912-1949 жылдар): тар. ғыл. канд. ... дисс. автореф. / С. Рахмет. — Алматы, 2009. — 29 б.
- 14 Олкотт М.Б. Казахстан: непройденный путь / М.Б. Олкотт. — М.: Генфальд, 2003. — 354 с.
- 15 Werner C. Mobility and immobility in a Transnational Context Changing Views of Migration among the Kazakh Diaspora in Mongolia / C. Werner, H. Barcus // Migration Letters. — 2006. — Vol. 6. — P. 49–62.
- 16 Diener A. Kazakhstan's Kin State Diaspora: Settlement Planning and the Oralman Dilemma / A. Diener // Europe-Asia Studies. — 2005. — No. 2. — P. 327–348.
- 17 Isik Kusu. Kazakhstan's oralman project: a remedy for ambiguous identity? / Kusu Isik. — TheIndiana University, 2008. — 252 p.
- 18 Генина А. Репатриация этнических казахов: много вопросов — мало ответов / А. Генина // Оралманы — этнические казахи в поисках идентичности: Аспекты интеграции в современное казахстанское общество. — Алматы, 2009. — С. 53.
- 19 Хенрик Альфф. Иммиграция этнических казахов и миграционная и интеграционная политика Казахстана — за и/или против? / Альфф Хенрик // Оралманы — этнические казахи в поисках идентичности: Аспекты интеграции в современное казахстанское общество. — Алматы, 2009. — С. 16.

20 Finke P. Nomaden im Transformationsprozess. Kasachen in der post-sozialistischen Mongolei P. Finke. — Münster: LIT Verlag, 2004. — 364 p.

21 Тойчиев А.Х. Социально-экономическое развития Баян-Улгийского национального казахского аймака Монгольской Народной Республики / А.Х. Таичиев. — М.: Ин-т востоковедения АН СССР, 1974. — 23 с.

22 Омаш С.Б. Эволюция казахской диаспоры в Монголии: история и влияние на региональные отношения / С.Б. Омаш, К.И. Кобландин // Известия Казахского университета Международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. Серия «Международные отношения и регионоведение». — 2024. — № 2. — С. 243–263.

23 National Statistical Office of Mongolia 2020 Population and Housing Census of Mongolia: National Report. — Ulaanbaatar: National Statistical Office of Mongolia, 2020. — 298 p.

24 Шалманова Ә.Б. Моңғолия казактары шаруашылығының ерекшеліктері / Ә.Б. Шалманова, Р.А. Бекназаров // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы. — 2025. — №1(76). — Б. 56–67.

25 Токишқадиров Б.Б. Моңғолиядағы казактардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы (XIX ғ. екінші жартысы — XX ғ. басы) / Б.Б. Токишқадиров, Б.А. Бақытжанова, К.Д. Садықов // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Тарих және әлеуметтік саяси ғылымдар сериясы. — 2025. — №3. — Б. 29–43.

Г. Байжұма, О.Д. Табылдиева, А.М. Садыкова

## Историография проблемы казахской диаспоры в Монголии

Казахская диаспора в Монголии — понятие, которое давно вошло в научный оборот. Исследование процесса формирования и развития казахской диаспоры в Монголии как самостоятельного исторического и социокультурного явления призвано восполнить пробел в изучении истории казахского народа в целом. В связи с этим в статье рассмотрены степень изученности проблемы эмиграции казахского населения в Монголию и становление казахской диаспоры. Статья представляет собой историографический обзор проблемы казахской диаспоры, приводятся и анализируются характеристики основных научных работ казахстанских и зарубежных исследователей. Рассматривая ключевые труды по данной теме, авторы выявляют наиболее изученные аспекты: историю появления и складывания казахской диаспоры в Монголии и особенности положения казахов в монгольском обществе на современном этапе. Проведённый анализ историографии позволяет утверждать, что малоисследованным остаётся весьма актуальный вопрос о казахской диаспоре как значимом факторе мягкой силы в осуществлении внешней политики Казахстана по отношению к Монголии. Ряд работ, анализируемых в статье, были написаны в последние десятилетия, что свидетельствует о том, что данная тема и сегодня продолжает оставаться актуальной и до конца не исследованной. Авторы статьи подчеркивают необходимость дальнейшего развития и укрепления казахстанско-монгольского научного сотрудничества для более глубокого и всестороннего анализа закономерностей развития и истории казахской диаспоры, проживающей на территории Монголии.

*Ключевые слова:* казахская диаспора, историография, зарубежная историография, казахстанская историография, история, Монголия, Казахстан, этническая идентичность, миграция.

G. Bayzhuma, O.D. Tabyldiyeva, A.M. Sadykova

## Historiography of the Problem of Kazakh Diaspora in Mongolia

The Kazakh diaspora in Mongolia has long been a subject of academic discourse. Research into the formation and development of the Kazakh diaspora in Mongolia as an independent historical and socio-cultural phenomenon aims to fill a gap in the study of the history of the Kazakh people as a whole. In this regard, the article examines the extent to which the problem of the emigration of the Kazakh population to Mongolia and the formation of the Kazakh diaspora have been studied. The article presents a historiographical overview of the problem of the Kazakh diaspora, citing and analysing the characteristics of the main scientific works of Kazakhstani and foreign researchers. The authors, reviewing the main works on this topic, identify its most studied aspects: the history of the emergence and formation of the Kazakh diaspora in Mongolia and the peculiarities of the position of Kazakhs in Mongolian society at the present stage. An analysis of historiography suggests that the highly relevant issue of the Kazakh diaspora as a significant factor of soft power in Kazakhstan's foreign policy towards Mongolia remains understudied. A number of works analysed in the article were written in recent decades, which indicates that this topic remains relevant and has not been fully researched. The authors emphasize the need to continue and strengthen Kazakh-Mongolian scientific cooperation for a more in-depth and integrated analysis of the patterns of development and history of the Kazakh diaspora living in Mongolia.

*Keywords:* Kazakh diaspora, historiography, foreign historiography, Kazakhstani historiography, history, Mongolia, Kazakhstan, ethnic identity, migration.

## References

- 1 Sarai, A. (1968). *Baian-Olgii aimaqtyq qazaq khalqy tarikhynyn keibir maseleleri* [Some issues of the history of the Kazakh people of the Bayan-Olgii region]. Olgii [in Kazakh].
- 2 Sarai, A. (1991). *Revoliutsiadan buryngy qazaq khalqy* [The Kazakh people before the revolution]. Olgii [in Kazakh].
- 3 Baltabayeva, K.N., & Mamashev, T.A. (2016). *Qazaq diasporasy zhane atamekenge oralu (1991–2012)* [Kazakh diaspora and return to the homeland (1991–2012)]. Almaty: Eltanym [in Kazakh].
- 4 Kinaiatuly, Z. (1999). *Mongol ustirtin meken etken songy turki taipalary: IX–XII gasyrlar* [The last Turkic tribes that inhabited the Mongolian steppe: IX–XII centuries]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 5 Kinaiatuly, Z. (1995). *Zhylagan zhyldar shezhiresi: tarikhi korkem publitsistika* [The chronicle of weeping years: historical and artistic journalism]. Almaty: Merei [in Kazakh].
- 6 Kinaiatuly, Z. (1995). *Mongoliadagy qazaqtar* [Kazakhs in Mongolia]. Almaty: Atazhurt [in Kazakh].
- 7 Kamalashuly, B. (1995). *Mongoliia qazaqgarynyn salt-dasturleri: etnologialyq zertteuler* [Customs and traditions of the Kazakhs of Mongolia: ethnological research]. Olgii: Aimaq baspa ondirisi [in Kazakh].
- 8 Kamalashuly, B. (1997). *Mongoliia qazaqtarynyn dasturli sharuashylygy (XIX z. songy zhartysy — XX g.)* [Traditional economy of the Kazakhs of Mongolia (last half of the 19th century — 20th century)]. Almaty [in Kazakh].
- 9 Mukhamediuly, Kh. (2000). *Mongoliadagy qazaq etniqalyq tobynyn qalyptasuy men damuy* [Formation and development of the Kazakh ethnic group in Mongolia: historical science]. Almaty [in Kazakh].
- 10 Mukhamediuly, Kh. (2013). *Mongoliadagy qazaq etnikalyq tobynyn qalyptasuy zhaynda* [On the formation of the Kazakh ethnic group in Mongolia]. *Qazaq diasporasynyn zhasampaz aleueti: tarikhy zhene zamanai kelbeti — Creative potential of the Kazakh diaspora: history and modern appearance: Materials of the Republican scientific and practical conference*. Almaty: «Atazhurt» [in Kazakh].
- 11 Kurmanbaiuly, U., & Rakhmetuly, Sh. (2007). *Mongoliadagy qazaq khalqy* [The Kazakh people in Mongolia]. Ulanbator: «ADMON» baspakanasy [in Kazakh].
- 12 Kurmanbaiuly, U. (2013). *Mengilik El: oi-tolganystar* [Mengilik El: thoughts and reflections]. Astana: Profi-Media [in Kazakh].
- 13 Rakhmet, S. (2009). *Mongoliia men Qytaidy mekendegen qazaqtardyn qogamdyq-saiasi omirinin tarikhy (1912–1949 zhyldar)* [History of the socio-political life of Kazakhs living in Mongolia and China (1912–1949 years)]. Almaty [in Kazakh].
- 14 Olcott, M.B. (2003). *Kazakhstan: neproidennyi put* [Kazakhstan: an untrodden path]. Moscow: Genfald [in Russian].
- 15 Werner, C., & Barcus H. (2006). Mobility and immobility in a Transnational Context Changing Views of Migration among the Kazakh Diaspora in Mongolia. *Migration Letters*, 6, 49–62.
- 16 Diener, A. (2005). Kazakhstan's Kin State Diaspora: Settlement Planning and the Oralman Dilemma. *Europe-Asia Studies*, 2, 327–348.
- 17 Isik Kuscü. (2008). *Kazakhstan's oralman project: a remedy for ambiguous identity?* TheIndiana University.
- 18 Genina, A. (2009). Repatriatsiia etnicheskikh kazakhov: mnogo voprosov — malo otvetov [Repatriation of ethnic Kazakhs: many questions — few answers]. *Oralmany — etnicheskie kazakhi v poiskakh identichnosti: Aspekty integratsii v sovremennoe kazakhstanskoe obshchestvo — Oralmany — ethnic Kazakhs in search of identity: Aspects of integration into the modern Kazakh society*, Almaty [in Russian].
- 19 Khenrik Alff. (2009). Immigratsiia etnicheskikh kazakhov i migratsionnaia i integratsionnaia politika Kazakhstana — za i/ili protiv? [Immigration of ethnic Kazakhs and the migration and integration policy of Kazakhstan — for and/or against?]. *Oralmany — etnicheskie kazakhi v poiskakh identichnosti: Aspekty integratsii v sovremennoe kazakhstanskoe obshchestvo — Oralmany — ethnic Kazakhs in search of identity: Aspects of integration into the modern Kazakh society*, Almaty, 16 [in Russian].
- 20 Finke, P. (2004). *Nomaden im Transformationsprozess. Kasachen in der post-sozialistischen Mongolei*. Münster: LIT Verlag
- 21 Toichiev, A.Kh. (1974). *Sotsialno-ekonomicheskoe razvitiia Baian-Ulgiiskogo natsionalnogo kazakhskogo aimaka Mongolskoi Narodnoi Respubliki* [Socio-economic development of the Bayan-Ulgiy national Kazakh aimag of the Mongolian People's Republic]. Moscow: Institut vostokovedeniia Akademii Nauk SSSR [in Russian].
- 22 Omash, S.B., & Koblandin, K.I. (2024). Evoliutsiia kazakhskoi diaspori v Mongolii: istoriia i vliianie na regionalnye otosheniia [Evolution of the Kazakh diaspora in Mongolia: history and impact on regional relations]. *Izvestiia Kazakhskogo universiteta Mezhdunarodnykh otoshenii i mirovykh yazykov imeni Abylai khana. Seriya «Mezhdunarodnye otosheniia i regionovedenie» — Bulletin of Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages. Series “International Relations and Regional Studies”*, 2, 243–263 [in Russian].
- 23 (2020). *National Statistical Office of Mongolia 2020 Population and Housing Census of Mongolia: National Report*. Ulaanbaatar: National Statistical Office of Mongolia.
- 24 Shalmanova, A.B., & Beknazarov, R.A. (2025). Mongoliia qazaqtary sharuashylygynyn erekshelikteri [Peculiarities of Mongolian Kazakh Farming]. *Kh. Dosmukhamedov atyndagy Atyrau universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kh. Dosmukhamedov Atyrau University*, 1(76), 56–67 [in Kazakh].
- 25 Tokishkadipov, B.B., Baqytzhanova, B.A., & Sadykov, K.D. (2025). Mongoliadagy qazaqtardyn aleumettik-ekonomikalyq zhagdaiy (XIX g. ekinshi zhartysy — XX g. basy) [Socio-economic conditions of Kazakhs in Mongolia (Second half of the 19th century–beginning of the 20th century)]. *Abai atyndagy Qazaq Ultyq Pedagogikalyq universitetinin khabarshysy. Tarikh zhane aleumettik saiasi gylymdar seriiasy — Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Series “Historical and Socio-Political Sciences*, 3, 29–43 [in Kazakh].

## Авторлар туралы мәліметтер

**Байжұма Гүлнәра** — PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8922-5756>

**Табылдиева Орынгул** — тарих ғылымдарының кандидаты, тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9561-2461>

**Садыкова Арайлым** — PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Еуразия технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2966-958X>

## Information about the authors

**Bayzhuma Gulnara** — PhD, Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8922-5756>

**Tabyldiyeva Oryngul** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History, Sh. Yesenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9561-2461>

**Sadykova Arailym** — PhD, Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan, Eurasian Technological University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2966-958X>